



«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ

**Қысқартылған шоғырландырылған аралық қаржылық
есептілік (аудит жүргізілмеген)**

2023 жылғы 30 қыркүйек

Мазмұны

ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН АРАЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

Қаржылық жағдай туралы қысқартылған шоғырландырылған аралық есеп	1-2
Пайда немесе шығын және өзге де жиынтық кіріс туралы қысқартылған шоғырландырылған аралық есеп	3
Капиталдағы өзгерістер туралы қысқартылған шоғырландырылған аралық есеп	4
Ақшалай қаражат қозғалысы туралы қысқартылған шоғырландырылған аралық есеп	5-6

ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН АРАЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР:

1	Самұрық-Энерго тобы және оның қызметі	7
2	Қаржылық есептілікті дайындау негізі және есептік саясаттың негізгі ережелері.....	7
3	Есептік саясатты пайдаланудағы маңызды есептік бағалау мен кәсіби пайымдар	8
4	Сегменттер бойынша ақпарат	9
5	Байланысты тараптардың есептері мен операциялары	12
6	Негізгі құралдар	15
7	Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларға салынған инвестициялар.....	16
8	Өзге де ұзақ мерзімді активтер	16
9	Негізгі қызмет бойынша дебиторлық берешек және басқа дебиторлық берешек.....	17
10	Өзге де қысқа мерзімді активтер	18
11	Ақшалай қаражат және оның эквиваленттері.....	18
12	Капитал	19
13	Активтерді жою міндеттемелері бойынша резерв	19
14	Қарыздар.....	20
15	Негізгі қызмет бойынша кредиторлық берешек және өзге де кредиторлық берешек.....	21
16	Түсім.....	21
17	Сатудың өзіндік құны.....	22
18	Жалпы және әкімшілік шығындар.....	23
19	Қаржылық табыстар	23
20	Қаржылық шығындар	24
21	Табыс салығы бойынша шығындар	24
22	Шартты және келісімшартты міндеттемелер мен операциялық тәуекелдер	25
23	Әділ құн туралы ақпаратты ашу	28
24	Есептік кезеңнен кейінгі оқиғалар.....	29
25	Бір акцияның теңгерімдік құны	29

«САМУРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ
Қаржылық жағдай туралы қысқартылған шоғырландырылған аралық есеп (аудит жүргізілмеген)

Қазақстандық мың теңгемен	2023 ж. 30 қыркүйек		2022 ж. 31 желтоқсан
	Ескертпе (аудит жүргізілмеген)		
АКТИВТЕР			
Ұзақ мерзімді активтер			
Негізгі құралдар	6	723,337,077	720,275,568
Инвестициялық меншік		102,700	104,999
Материалдық емес активтер		3,363,505	3,726,203
Пайдалану құқығы түріндегі актив		2,210,567	2,652,394
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардағы инвестициялар	7	96,302,726	88,567,345
Өзге де ұзақ мерзімді активтер	8	53,758,681	40,566,491
Барлық ұзақ мерзімді активтер		879,075,256	855,893,000
Қысқа мерзімді активтер			
Тауар-материалдық қорлар		20,801,849	15,432,827
Негізгі қызмет бойынша дебиторлық берешек және өзге де дебиторлық берешек	9	38,769,248	39,619,591
Өзге де қысқа мерзімді активтер	10	15,430,076	16,273,052
Табыс салығы бойынша алдын ала төлем		5,301,638	4,010,796
Ақша қаражаты және олардың эквиваленттері	11	28,404,815	34,616,760
Барлық қысқа мерзімді активтер		108,707,626	109,953,026
БАРЛЫҚ АКТИВТЕР		987,782,882	965,846,026

Басшылық сатынан 2023 жылғы 13 қарашада қол қойылған.



Кәсіпкер Алмасбайнұсара Әлімұлы
 Экономика және қаржы жөніндегі
 басқарушы директор

Төлекова Сәуле Бекзадақызы
 «Бухгалтерлік және Салық Есебі»
 департаментінің директоры – Бас
 бухгалтер

«САМУРҰҚ-ЭНЕРГО» АҚ
Қаржылық жағдай туралы қысқартылған шоғырландырылған аралық есеп (аудит жүргізілмеген)

Қазақстандық мың теңгемен		2023 ж. 30 қыркүйек Ескертпе (аудит жүргізілмеген)	2022 ж. 31 желтоқсан
КАПИТАЛ			
Акционерлік капитал	12	402,732,708	378,531,570
Өзге резервтегі капитал	12	125,047,925	124,850,717
Бөлінбеген пайда		51,503,959	28,012,639
Топ акционерлеріне тиесілі капитал		579,284,592	531,394,926
Бақыламайтын акционерлер үлесі		1,819,228	1,718,695
БАРЛЫҚ КАПИТАЛ		581,103,820	533,113,621
МІНДЕТТЕМЕЛЕР			
Ұзақ мерзімді міндеттемелер			
Активтерді жою міндеттемелері бойынша резерв	13	19,869,810	21,561,994
Қызметкерлерге сыйақылар бойынша міндеттемелер		1,897,938	2,139,845
Қарыздар	14	210,719,944	147,794,163
Өзге де ұзақ мерзімді міндеттемелер		117,324	376,922
Ұзақ мерзімді жалдау міндеттемелері		947,873	1,132,295
Мерзімі ұзартылған табыс салығы бойынша міндеттемелер		62,613,367	67,254,045
Барлық ұзақ мерзімді міндеттемелер		296,166,256	240,259,264
Қысқа мерзімді міндеттемелер			
Активтерді жою міндеттемелері бойынша резерв	13	585,213	66,400
Қарыздар	14	47,383,273	118,132,815
Қызметкерлерге сыйақылар бойынша міндеттемелер		244,540	187,295
Негізгі қызмет бойынша кредиторлық берешек және өзге де кредиторлық берешек	15	45,236,272	57,497,678
Бюджетке төленетін салықтар және өзге де төлемдер бойынша берешек		11,580,427	11,311,801
Қысқа мерзімді жалдау бойынша міндеттемелер		563,265	925,658
Төлеуге бөлінген табыс салығы		4,919,816	4,351,494
Барлық қысқа мерзімді міндеттемелер		110,512,806	192,473,141
БАРЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР		406,679,062	432,732,405
БАРЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖӘНЕ КАПИТАЛ		987,782,882	965,846,026
Бір жай акцияның баланстық құны	25	97,786	93,987

Басшылығы атынан 2023 жылғы 9-13 қарашада қол қойылған.

Камалова Алиярбаби Нұржановна
 Экономика және қаржы жөніндегі
 басқарушы директор

Төлекова Сәуле Бекзадақызы
 «Бухгалтерлік және Салық Есебі»
 департаментінің директоры Бас
 бухгалтер

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ

Пайда немесе шығын және басқа жиынтық табыс туралы қысқартылған шоғырландырылған аралық есеп (аудит жүргізілмеген)

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	Ескертпе	2023 ж. 30 қыркүйекте аяқталған 9 ай (аудит жүргізілмеген)	2022 ж. 30 қыркүйекте аяқталған 9 ай (аудит жүргізілмеген)	2023 ж. 30 қыркүйекте аяқталған 3 ай (аудит жүргізілмеген)	2022 ж. 30 қыркүйекте аяқталған 3 ай (аудит жүргізілмеген)
Түсім	16	323,997,745	273,588,875	111,660,413	92,373,458
Сатудың өзіндік құны	17	(255,404,163)	(199,510,288)	(90,678,965)	(67,729,827)
Жалпы пайда		68,593,582	74,078,587	20,981,448	24,643,631
Сату бойынша шығындар		(6,349,940)	(6,432,261)	(1,854,658)	(2,182,284)
Жалпы және әкімшілік шығындар	18	(10,604,662)	(12,519,414)	(3,386,840)	(3,135,526)
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдастырылған компаниялардың табыстарындағы үлес және құнсыздану	7	8,787,627	12,946,319	(344,687)	3,017,532
Қаржылық емес активтердің (нетто) (құнсыздану шығындары)/активтердің құнсыздануын қалпына келтіру табыстары	3	(14,062,442)	32,010	7,876	(17,046)
Қаржылық активтердің құнсыздануын қалпына келтіру табыстары		1,278,726	(573,150)	302,045	265,596
Қаржылық табыстар	19	4,758,775	2,003,332	1,140,128	792,360
Қаржылық шығындар	20	(18,223,128)	(23,522,386)	(5,361,250)	(6,979,967)
Өзге табыстар		2,916,217	1,669,456	922,284	508,964
Өзге шығыстар		(619,337)	(571,052)	(418,109)	(5,718)
Салық салғанға дейінгі пайда/(залал)		36,475,418	47,111,441	11,988,237	16,907,542
Табыс салығы бойынша шығыстар	21	(10,842,565)	(12,903,703)	(3,574,889)	(4,669,735)
Кезеңдегі пайда/(залал)		25,632,853	34,207,738	8,413,348	12,237,807
Өзге де шығындар жиынтығы/(залал) (Қайта жіктеу салдарынан пайдалар немесе шығындар құрамына жатпайтын баптар)					
Еңбек қызметін аяқтау бойынша сыйақылар міндеттемелерін қайта бағалау		197,208	(135,997)	(18,771)	(233,291)
Кезеңдегі барлық жиынтық пайда/(залал)		25,830,061	34,071,741	8,394,577	12,004,516
Тиесілі пайда:					
Топ акционерлеріне		25,532,320	34,068,331	8,378,699	12,205,388
Бақыланбайтын үлесіне		100,533	139,407	34,649	32,419
Кезеңдегі пайда/(залал)		25,632,853	34,207,738	8,413,348	12,237,807
Тиесілі барлық жиынтық кіріс/(залал):					
Топ Акционерлеріне		25,729,528	33,932,334	8,359,928	11,972,097
Бақыламайтын үлеске		100,533	139,407	34,649	32,419
Кезеңдегі барлық жиынтық кіріс/(залал)		25,830,061	34,071,741	8,394,577	12,004,516

Берілген ескертпелер осы қысқартылған шоғырландырылған аралық қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ
Капиталдағы өзгерістер туралы қысқартылған шоғырландырылған аралық есеп (аудит жүргізілмеген)

Қазақстандық мың теңгемен	Ескертпе	Топ акционерлеріне тиесілі					Барлық капитал
		Акционерлік капитал	Өзге де резервтік капитал	Бөлінбеген пайда	Барлығы	Бақылмайтын үлес	
2022 ж. 1 қаңтардағы қалдық		376,045,927	125,128,459	(78,038)	501,096,348	1,544,103	502,640,451
Кезеңдегі пайда/(залал) (аудит жүргізілмеген)		-	-	34,068,331	34,068,331	139,407	34,207,738
Өзге жиынтық залал (аудит жүргізілмеген)		-	(135,997)	-	(135,997)	-	(135,997)
Барлық жиынтық пайда/(залал) (аудит жүргізілмеген)		-	(135,997)	34,068,331	33,932,334	139,407	34,071,741
Жарияланған дивидендтер	12	-	-	(2,041,000)	(2,041,000)	-	(2,041,000)
2022 ж. 30 қыркүйектегі қалдық (аудит жүргізілмеген)		376,045,927	124,992,462	31,949,293	532,987,682	1,683,510	534,671,192
2023 ж. 1 қаңтардағы қалдық		378,531,570	124,850,717	28,012,639	531,394,926	1,718,696	533,113,621
Кезеңдегі пайда (аудит жүргізілмеген)		-	-	25,532,320	25,532,320	100,533	25,632,853
Өзге жиынтық пайда (аудит жүргізілмеген)		-	197,208	-	197,208	-	197,208
Барлық жиынтық пайда (аудит жүргізілмеген)		-	197,208	25,532,320	25,729,528	100,533	25,830,061
Акцияларды шығару		24,201,138	-	-	24,201,138	-	24,201,138
Жарияланған дивидендтер	12	-	-	(2,041,000)	(2,041,000)	-	(2,041,000)
2023 ж. 30 қыркүйектегі қалдық (аудит жүргізілмеген)		402,732,708	125,047,925	51,503,959	579,284,592	1,819,229	581,103,820

Берілген ескертпелер осы қысқартылған шоғырландырылған аралық қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ

Ақшалай қаражат қозғалысы туралы қысқартылған шоғырландырылған аралық есеп (аудит жүргізілмеген)

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	Ескертпе	2023 ж. 30 қыркүйекте аяқталған 9 ай (аудит жүргізілмеген)	2022 ж. 30 қыркүйекте аяқталған 9 ай (аудит жүргізілмеген)
Операциялық қызметтен түскен ақшалай қаражаттың қозғалысы			
Салық салынғанға дейін түскен пайда		36,475,418	47,111,121
Түзетулер:			
Тозу және амортизация		49,985,027	45,156,912
Қаржы емес активтерін құнсызданудан түскен залалдар		14,062,442	44,448
Қаржы активтерін қалпына келтіруден түскен залалдар/(пайда)		(1,278,726)	541,140
Қаржылық шығындар	20	18,118,993	23,522,386
Қаржылық табыстар	19	(4,710,119)	(2,003,332)
Бірлескен кәсіпорандар мен қауымдасқан ұйымдардың кірістеріндегі үлес	7	(8,787,627)	(12,946,319)
Өзге де түзетулер		2,658,648	(289,617)
		106,524,056	101,136,739
Айналым капиталындағы өзгерістерге дейінгі операциялық қызметтен түскен ақшалай қаражаттың қозғалысы			
Дебиторлық берешектің және өзге де ағымдағы активтердің азаюы/(артуы)		(2,094,357)	(401,776)
Тауар-материалдық қорлардың артуы		(6,492,527)	(896,281)
Кредиторлық және өзге де қысқа мерзімді берешектің азаюы		(3,781,571)	(3,915,175)
Қызметкерлердің сыйақысы бойынша берешектің азаюы		(153,090)	(42,375)
Төлеуге бөлінген салықтың азаюы		188,779	2,032,380
		94,191,290	97,913,512
Операциялық қызметтен алынған ақшалай қаражат			
Төленген табыс салығы		(16,142,920)	(11,987,727)
Төленген пайыздар		(9,267,593)	(16,771,082)
Алынған дивидендтер		1,052,246	-
		69,833,023	69,154,703
Инвестициялық қызметтен түскен ақшалай қаражаттың қозғалысы			
Негізгі құралдарды сатып алу		(90,623,904)	(37,299,646)
Материалдық емес активтерді сатып алу		(156,991)	(421,005)
Негізгі құралдарды сатудан түсетін түсімдер		207	59,774
Борыштық құралдарды (облигацияларды) сатудан алынған ақшалай қаражат		16,612,843	192,300
Борыштық құралдар сатып алу		(21,713,886)	-
Алынған пайыздық кіріс		3,137,748	1,304,684
Банк салымдарын қайтару/(орналастыру), таза		(16,707)	(69,379)
Еншілес компаниялардың акцияларын сатудан түскен түсімдер		7,901,055	1,268,416
Акционерге қаржылық көмек беру		-	(518,700)
Акционерден қаржылық көмек қайтару		-	518,700
Эмитенттердің облигацияларды өтеуі		1,000,000	9,200,000
Тауба Инвест дебиторлық берешегін өтеу		232,260	-
Өзге түсімдер			8,657
		(83,627,375)	(25,756,199)

Берілген ескертпелер осы қысқартылған шоғырландырылған аралық қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ

Ақшалай қаражат қозғалысы туралы қысқартылған шоғырландырылған аралық есеп (аудит жүргізілмеген)

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	Ескертпе	2023 ж. 30 қыркүйекте аяқталған 9 ай (аудит жүргізілмеген)	2022 ж. 30 қыркүйекте аяқталған 9 ай (аудит жүргізілмеген)
Қаржылық қызметтен түскен ақшалай қаражаттың қозғалысы			
Қарыздардар түсімі		58,035,244	72,963,525
Акцияларды шығарудан түсетін түсімдер		24,201,138	-
Шығарылған бағалы қағаздар (облигациялар) бойынша негізгі борышты өтеу		-	(3,127,502)
Қарыздарды өтеу		(72,169,565)	(113,175,549)
Қаржылық жалдау бойынша негізгі қарызды өтеу		(511,956)	(511,932)
Акционерге төленген дивидендтер		(2,041,000)	(2,041,000)
Өзге түсімдер		-	22,000
Қаржылық қызметтен пайдаланылған таза ақшалай қаражат		7,513,861	(45,870,458)
Ақшалай қаражатқа және оның баламаларына валюта айырбастау курсының өзгеруінің ықпалы		61,839	2,847
Ақшалай қаражаттың құнсыздануына резерв		6,707	(4,957)
Ақшалай қаражаттың таза (азаяуы)/артуы		(6,211,945)	(2,474,064)
Кезең басындағы ақшалай қаражаттары:	11	34,616,760	12,138,171
Кезең соңындағы ақшалай қаражаттары:	11	28,404,815	9,664,107

Берілген ескертпелер осы қысқартылған шоғырландырылған аралық қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады

1 Самұрық-Энерго тобы және оның қызметі

Осы қысқартылған шоғырландырылған аралық қаржылық есептілік «Самұрық-Энерго» АҚ (бұдан әрі – «Компания») және оның еншілес компаниялары (бұдан әрі бірлескен атауы «Топ») үшін 2023 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған тоғыз айға арнап ХҚЕС (IAS) 34 «Аралық қаржылық есептілікке» сәйкес әзірленді.

Компания 2007 жылғы 18 сәуірде құрылған және 2007 жылғы 10 мамырда тіркелген. Компания Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес акционерлік қоғам нысанында құрылған. Топ Қазақстан Республикасының энергетикалық кешені кәсіпорындарын шоғырландыру мақсатында құрылған.

2023 жылғы 30 қыркүйектегі жағдай бойынша Қоғамның жалғыз акционері «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ (бұдан әрі - «Самұрық-Қазына») болып табылады. Қазақстан Республикасының Үкіметі Компанияның соңғы бақылаушы тарабы болып табылады.

Негізгі қызмет

Топтың негізгі қызмет түрлері көмір, көмірсутектер, су ресурстары және жаңартылатын энергия көздері (бұдан әрі – «ЖЭК») негізінде электр және жылу энергиясын, ыстық суды өндіру, халыққа және өнеркәсіптік кәсіпорындарға өткізу, электр энергиясын тасымалдау және электр энергиясын желіде техникалық бөлу, сондай – ақ су электр станцияларының мүлкілік кешендерін жалға беру болып табылады.

Топтың еншілес компаниялары мен оның бірлескен кәсіпорындарының операциялық қызметі ҚР «Электр энергетикасы туралы», «Табиғи монополиялар туралы» Заңдарымен және Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексімен реттеледі. Тарифтік реттеу энергетикалық компаниялардың қызметінің түріне қарай ҚР Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің (бұдан әрі – «Комитет») немесе салалық министрліктің – ҚР Энергетика министрлігінің (бұдан әрі – «ЭМ») құзыретіне жатады.

Қызмет жүзеге асырылатын мекенжай мен орын

Компанияның бас кеңсесінің мекенжайы мен қызметін жүзеге асыратын орны: Қазақстан Республикасы, Астана қ., Қабанбай батыр даңғылы, 15А, Б Блок.

2 Қаржылық есептілікті дайындау негізі және есептік саясаттың негізгі ережелері

Қаржылық есептілікті дайындау негізі

2023 жылдың 30 қыркүйекте аяқталған тоғыз айға арналған осы қысқартылған шоғырландырылған аралық қаржылық есептілік әділ құны бойынша қаржылық құралдарды алғашқы тануға түзетулер енгізе отырып бастапқы құн бойынша бағалау қағидасымен ХҚЕС (IAS) 34 «Аралық қаржылық есептілікке» сәйкес дайындалды. Аралық қаржы есептілігі әдетте жылдық қаржылық есептілікке енгізілетін барлық ескертпелерді қамтымайды. Осы қысқартылған шоғырландырылған аралық қаржылық есептілік 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ХҚЕС сәйкес дайындалған Топтың жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігімен бірге танысуға жатады. Осы қысқартылған шоғырландырылған аралық қаржылық есептілікті дайындау кезінде пайдаланылған есептік саясаттың негізгі ережелері табыс салығын есептеуді қоспағанда, соңғы қаржы жылына арналған есептілікті дайындау кезінде пайдаланылған есептік саясаттың ережелеріне сәйкес келеді.

Аралық кезеңге арналған табыс салығы бойынша шығыстар бүкіл қаржы жылы үшін күтілетін табыс салығының есептік орташа қолданыстағы мөлшерлемесіне негізделеді.

2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енген стандарттарға енгізілген түзетулер Топқа айтарлықтай әсер еткен жоқ. Топ шығарылған, бірақ әлі күшіне еңбеген кез келген стандарттарды, түсіндірмелерді немесе түзетулерді мерзімінен бұрын қолданбаған.

Операциялардың маусымдығы

Топтың қызметі маусымдық ауытқуға сезімтал. Электр энергиясын беру көлемінің, жылу және электр энергиясын өндірудің ауытқуы қазан айынан сәуір айына дейін созылатын жылыту кезеңімен байланысты.

Сонымен қатар, Топ жүргізетін жөндеу мен қызмет көрсету маусымдық ауытқуларға ұшырауы мүмкін. 2023 жылдың екінші жартысында техникалық қызмет көрсету мен жөндеу жұмыстарының едәуір көлемі орындалады деп күтілуде, бұл Топтың шығындарын, энергоблоктардың тоқтап қалуын және электр энергиясын өндіру деңгейінің төмендеуін едәуір арттырады.

2 Қаржылық есептілікті дайындау негізі және есептік саясаттың негізгі ережелері (жалғасы)

Айырбастау курсы

2023 жылғы 30 қыркүйекте шетел валютасында көрсетілген қалдықты аудару үшін пайдаланылған айырбастау курсы 1 АҚШ доллары 452.51 теңгені құрады (2022 жылғы 31 желтоқсанда: 1 АҚШ доллары үшін 462.65 теңге).

Үздіксіз қызмет қағидасы

Басшылық осы қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржылық есептілікті Қызметтің үздіксіздігі қағидаты негізінде дайындады. Бұл жақын болашақта оның әдеттегі шаруашылық қызметі барысында активтерді сату мен міндеттемелерді өтеуін білдіреді.

3 Есептік саясатты пайдаланудағы маңызды есептік бағалау мен кәсіби пайымдар

Қысқартылған шоғырландырылған аралық қаржылық есептілікті дайындау кезінде Топ қолданылған есеп саясатына және есеп берілетін активтер мен міндеттемелерге, кірістер мен шығыстарға әсер ететін бағалар мен болжамдарды пайдаланады. Нақты нәтижелер осы бағалардан өзгеше болуы мүмкін.

Қолданылған негізгі есептік бағалаулар мен кәсіби пайымдаулар табыс салығы бойынша резервтерді есептеуді және жаңа және түзетілген стандарттарды қабылдауды қоспағанда, 2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған бір жылға арналған жылдық қаржылық есептілікті дайындау барысында қолданылған есептік бағалаулар мен кәсіби пайымдауларға сәйкес келеді.

Қаржылық емес активтердің құнсыздануы

Негізгі құралдардың құнсыздану белгілерін талдау - көмір негізінде электр және жылу энергиясын өндіру, электр энергиясын беру және тарату

Топ басшылығы ХҚЕС (IAS) 36 «Активтердің құнсыздануы» бойынша «Алматы Электр Станциялары» АҚ (бұдан әрі – «АлЭС»), «Болат Нұржанов атындағы Екібастұз МАЭС-1» ЖШС (бұдан әрі – «ЕГРЭС-1»), «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ (бұдан әрі – «АЖК») еншілес компанияларының негізгі құралдарының құнсыздану белгілеріне, сондай-ақ «Екібастұз МАЭС-2 станциясы» АҚ (бұдан әрі «ЕГРЭС-2 станциясы») бірлескен кәсіпорнына салынған инвестицияларға талдау жүргізді.

Құнсыздану белгілерін талдау кезінде қолданылған негізгі фактілер мен болжамдар:

- Қазақстан Республикасының солтүстік және оңтүстік аймағында орта мерзімді перспективада электр энергиясына сұраныстың болжамды өсуі;
- Электр энергиясына шекті тарифті бекіту қағидаларына сәйкес, негізгі шығындар ұлғайған кезде ҚР ЭМ бұйрығына сәйкес, тарифтерді түзету мүмкіндігімен қолданыстағы тарифтердің 24-30%-ына 2023 жылғы 1 маусымнан бастап энергия өндіруші ұйымдар үшін электр энергиясына шекті тарифтерді ұлғайту;
- 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап электр энергиясын беру тарифін 5%-ға және 2023 жылғы 1 шілдеден бастап ҚР ҰЭМ ТМРК Алматы қаласы және Алматы облысы бойынша департаментінің бірлескен бұйрықтарына сәйкес 18% - ға ұлғайту;
- «Табиғи монополиялар туралы» ҚР Заңына сәйкес стратегиялық тауарлардың түрі мен құны өзгерген кезде тарифтерді түзету мүмкіндігімен 2023 жылғы 1 тамыздан бастап енгізе отырып, жылу энергиясына тарифті ұлғайту;
- 2023 жылғы 30 қыркүйектегі жағдай бойынша қызметтің негізгі операциялық және қаржылық көрсеткіштері бойынша жоспарды асыра орындау;
- Алматы ЖЭО-2 және ЖЭО-3-ті жаңғырту жоспарлануда (22-ескертпе). Осы станциялардың консервациялауға немесе бөлшектеуге жататын көмір энергия блоктарының қолданыстағы активтерінің қалдық құны жаңа газ турбиналық/бу-газ энергия блоктарын пайдалануға беру сәтіне дейін нөлге тең болады;
- Кезең ішінде болған немесе жақын арада болуы мүмкін елеулі өзгерістердің болмауы және активтердің өтелетін құнына айтарлықтай әсерінің болуы.

Құнсызданудың сыртқы және ішкі белгілерін талдау нәтижесінде Топ басшылығы талдау жүргізілген күні құнсыздану белгілері жоқ деген қорытындыға келді. Тиісінше, Топ басшылығы 2023 жылғы 30 қыркүйектегі жағдай бойынша осы еншілес компаниялардың негізгі құралдары мен материалдық емес активтерінің құнсыздануына және бірлескен кәсіпорынға инвестицияларға тест өткізбеу туралы шешім қабылдады.

3 Есептік саясатты пайдаланудағы маңызды есептік бағалау мен кәсіби пайымдар (жалғасы)

Негізгі құралдардың құнсыздану белгілерін талдау - жасыл энергетика өндірісі

Жасыл энергетика активтері бойынша құнсыздану белгілерін талдау барысында топ «Ereymantau Wind Power» ЖШС активтерінің жеке құнсыздану белгілерін қоспағанда, құнсыздану индикаторларын анықтаған жоқ.

«Ereymantau Wind Power» ЖШС

Топ Ерейментау қаласында 50 МВт ЖЭС салу жобасын іске асырудың кешігуіне және «Ereymantau Wind Power» ЖШС-ның «Жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі есеп айырысу-қаржы орталығы» ЖШС-мен электр энергиясын сатуға арналған тарифті алу туралы шартты ұзартуға қатысты сот процестеріне байланысты «Ereymantau Wind Power» ЖШС бойынша құнсызданудың жеке белгісін анықтады.

Топ аяқталмаған құрылыс объектілерінің 4,858,146 мың теңге сомасына (6-ескертпе) толық құнсыздануын және ұзақ мерзімді активтер бойынша 9,155,825 мың теңге сомасын алдын ала төлеуді (8-ескертпе) мойындады.

4 Сегменттер бойынша ақпарат

Операциялық сегменттер шаруашылық қызметті жүзеге асыратын құрамдастарды білдіреді. Мұның үстіне, олар түсімді қозғалысқа келтіре алады немесе шығындармен байланысты бола алады. Сегменттердің операциялық нәтижелерін жоғарғы жедел басқару органы тұрақты түрде талдайды, операциялық сегменттер үшін жеке қаржылық ақпарат бар. Жоғарғы жедел басқару органына ресурстарды бөліп, компания қызметінің нәтижелерін бағалайтын бір адам немесе бір топ адам өкіл бола алады. Жоғарғы жедел басқару органының функцияларын Топ Басқармасы орындайды.

Жоғарғы жедел басқару органы талдайтын сегменттік қаржылық ақпарат түсім және салық алынғанға дейінгі пайда туралы ақпараттан тұрады. Жоғарғы жедел басқару органы сонымен қатар Топтың EBITDA туралы ақпаратын да талдайды. Ол қаржылық пайда/залал, пайдаға салынатын салықтар бойынша шығыстар, негізгі құралдардың тозуы мен материалдық емес активтердің амортизациясы, негізгі құралдардың және инвестициялық меншіктің құнсыздануы, гудвилдің құнсыздануы, бірлескен кәсіпорындар мен қауымдастырылған компаниялардағы табыстар / (шығындар) үлестерінің құнсыздануы, сондай-ақ басқа осыған ұқсас нәтижелерге дейінгі кезеңдегі пайда/залалдар) және осыған ұқсас әлерлер ретінде есептеледі. Топ бойынша пайыздар, салықтар мен амортизациялық аударымдардың шегенгенге дейінгі табысты анықтау жүйелілігі (EBITDA) басқа компаниялар пайдаланатын жүйеден өзгеше болуы мүмкін.

(а) Әрбір есептік сегменттің сатудан түсім алатын өнімдері мен қызметтерінің сипаттамасы

Топ үш негізгі операциялық сегмент аясында қызмет атқарады:

- Жылу энергиясын және электр энергиясын өндіру;
- Электр энергиясын жеткізу және тарату;
- Электр энергиясын сату.

(ә) Операциялық сегменттер қызметінің нәтижелері

Жоғарғы жедел басқару органы әр сегмент қызметінің нәтижелерін түсімді және салық алынғанға дейінгі пайданы бағалау арқылы бағалайды.

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ
Қысқартылған шоғырландырылған аралық қаржылық есептілікке ескертпелер - 2023 жылғы
30 қыркүйек (аудит жүргізілмеген)

4 Сегменттер бойынша ақпарат (жалғасы)

	Электр энергиясын және жылу энергиясын өндіру		Электр энергиясын жеткізу және тарату		Электр энергиясын сату		Өзге		Барлығы	
	аяқталған 9 ай		аяқталған 9 ай		аяқталған 9 ай		аяқталған 9 ай		аяқталған 9 ай	
	2023 ж. 30 қыркүйек	2022 ж. 30 қыркүйек	2023 ж. 30 қыркүйек	2022 ж. 30 қыркүйек	2023 ж. 30 қыркүйек	2022 ж. 30 қыркүйек	2023 ж. 30 қыркүйек	2022 ж. 30 қыркүйек	2023 ж. 30 қыркүйек	2022 ж. 30 қыркүйек
<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>										
Сегменттің жалпы табысы-Электр энергиясын сату	190,400,931	180,343,843	-	-	120,688,717	98,278,322	-	-	311,089,648	278,622,165
Сегмент ішіндегі табыс	(42,303,945)	(58,406,819)	-	-	(1,269)	(1,000)	-	-	(42,305,214)	(58,407,819)
Сыртқы түсім -Электр энергиясын сату	148,096,986	121,937,024	-	-	120,687,448	98,277,322	-	-	268,784,434	220,214,346
Жылу энергиясын сату	14,706,526	11,753,070	-	-	-	-	-	-	14,706,526	11,753,070
Электр қуатының дайындығын қолдау қызметінен түсім	22,227,498	25,770,578	-	-	-	-	-	-	22,227,498	25,770,578
Жаңартылатын энергия көздерін жалдаудан алған табыс	4,380,771	3,617,069	-	-	-	-	-	-	4,380,771	3,617,069
Сегменттің жалпы табысы-Электр энергиясын беру	-	-	47,750,664	38,509,336	-	-	-	-	47,750,664	38,509,336
Сегмент ішіндегі табыс	-	-	(39,403,775)	(32,808,248)	-	-	-	-	(39,403,775)	(32,808,248)
Сыртқы түсім -Электр энергиясын беру	-	-	8,346,889	5,701,088	-	-	-	-	8,346,889	5,701,088
Инвестициялық мүлікті жалдаудан алған табыс	-	-	-	-	-	-	3,323,089	3,122,576	3,323,089	3,122,576
Химиялық суды сату	1,385,419	1,368,414	-	-	-	-	-	-	1,385,419	1,368,414
Өзге барлығы	1,636,028	1,325,166	-	-	-	-	1,140,822	2,596,531	2,776,850	3,921,697
Сегмент ішіндегі табыс – өзге	(792,909)	716,567	-	-	-	-	(1,140,822)	(2,596,531)	(1,933,731)	(1,879,964)
Сыртқы түсім – өзге	843,119	2,041,733	-	-	-	-	-	-	843,119	2,041,733
Сыртқы түсімнің барлығы	191,640,319	166,487,888	8,346,889	5,701,088	120,687,448	98,277,322	3,323,089	3,122,576	323,997,745	273,588,874

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ
Қысқартылған шоғырландырылған аралық қаржылық есептілікке ескертпелер - 2023 жылғы
30 қыркүйек (аудит жүргізілмеген)

4 Сегменттер бойынша ақпарат (жалғасы)

	Электр энергиясын және жылу энергиясын өндіру		Электр энергиясын жеткізу және тарату		Электр энергиясын сату		Өзге		Сегмент ішіндегі операциялар		Барлығы	
	2023 ж. 30 қыркүйек	2022 ж. 30 қыркүйек	2023 ж. 30 қыркүйек	2022 ж. 30 қыркүйек	2023 ж. 30 қыркүйек	2022 ж. 30 қыркүйек	2023 ж. 30 қыркүйек	2022 ж. 30 қыркүйек	2023 ж. 30 қыркүйек	2022 ж. 30 қыркүйек	2023 ж. 30 қыркүйек	2022 ж. 30 қыркүйек
<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>												
Сатудың өзіндік құны	(178,096,009)	(156,995,914)	(37,713,040)	(32,119,632)	(122,458,095)	(102,079,780)	(770,605)	(725,464)	83,633,587	92,410,502	(255,404,163)	(199,510,288)
- Амортизацияны қоспағанда	42,526,313	37,814,897	6,823,267	6,701,371	203,710	186,939	426,150	427,987	-	(12)	49,979,440	45,131,194
Сату бойынша шығындар	(6,349,940)	(6,432,261)	-	-	-	-	-	-	0	-	(6,349,940)	(6,432,261)
Қаржылық шығындар	(7,909,116)	(12,544,273)	(839,391)	(994,691)	(553,426)	(368,232)	(14,428,745)	(20,331,119)	5,507,551	10,715,929	(18,223,128)	(23,522,386)
- Пайыздар бойынша шығындарды қоспағанда	3,641,453	5,937,593	299,027	478,595	524,975	325,200	8,070,643	12,012,552	(1,992,204)	(1,884,878)	10,543,894	16,869,062
Қаржылық табыстар	1,843,431	3,803,888	238,651	52,044	204,086	83,687	8,498,037	8,943,347	(6,025,430)	(10,879,635)	4,758,775	2,003,332
Бірлескен кәсіпорындарда және қауымдасқан компанияларда табыс үлесі және инвестициялардың құнсыздануы	-	-	-	-	-	-	8,787,627	12,946,319	-	-	8,787,627	12,946,319
Күрделі шығындар	(84,858,940)	(29,273,971)	(6,944,503)	(7,793,419)	(53,493)	(36,747)	(101,514)	(195,085)	-	-	(91,958,450)	(37,299,222)
Есептік сегменттің активтері	742,212,115	702,870,856	151,667,099	143,010,308	18,696,399	16,518,261	689,681,833	162,645,812	(614,474,564)	(100,662,296)	987,782,882	924,382,941
Есептік сегменттің міндеттемелері	258,895,938	254,793,732	38,862,343	39,154,388	30,920,564	27,779,677	164,510,565	189,003,211	(86,510,349)	(121,019,260)	406,679,061	389,711,748

(б) Кезеңдегі түзетілген EBITDA-ны кезеңдегі салық салынғанға дейін түскен пайдамен тексеру

	Электр энергиясын және жылу энергиясын өндіру		Электр энергиясын жеткізу және тарату		Электр энергиясын сату		Өзге		Сегменттік операциялар		Барлығы	
	2023 ж. 30 қыркүйек	2022 ж. 30 қыркүйек	2023 ж. 30 қыркүйек	2022 ж. 30 қыркүйек	2023 ж. 30 қыркүйек	2022 ж. 30 қыркүйек	2023 ж. 30 қыркүйек	2022 ж. 30 қыркүйек	2023 ж. 30 қыркүйек	2022 ж. 30 қыркүйек	2023 ж. 30 қыркүйек	2022 ж. 30 қыркүйек
<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>												
Барлық шоғырландырылған түзетілген EBITDA	104,611,740	75,978,623	16,408,302	10,932,880	(2,411,839)	(2,748,409)	15,939,974	23,818,869	(29,345,648)	(22,144,196)	105,202,529	85,837,766
Тозу және амортизация	(42,526,313)	(37,814,897)	(6,823,267)	(6,701,371)	(203,710)	(186,939)	(426,150)	(455,995)	-	12	(49,979,440)	(45,159,190)
Қаржылық кірістер	1,843,431	3,803,888	238,651	52,044	204,086	83,687	8,498,037	8,943,347	(6,025,430)	(10,879,635)	4,758,775	2,003,332
Қаржылық шығындар	(7,909,116)	(12,544,273)	(839,391)	(994,691)	(553,426)	(368,232)	(14,428,745)	(20,331,119)	5,507,551	10,715,929	(18,223,128)	(23,522,386)
Қаржылық емес активтердің құнсыздануы	(14,070,945)	(17,388)	-	-	-	-	-	-	-	-	(14,070,945)	(17,388)
Бірлескен кәсіпорындардың және қауымдасқан компаниялардың табысындағы үлес	-	-	-	-	-	-	8,787,627	12,946,319	-	-	8,787,627	12,946,319
Салық салғанға дейінгі пайда	41,948,796	29,405,953	8,984,295	3,288,862	(2,964,889)	(3,219,893)	18,370,743	24,921,422	(29,863,527)	(22,307,891)	36,475,418	32,088,453

4 Сегменттер бойынша ақпарат (жалғасы)

(в) Аса ірі клиенттер

2023 жылдың 30 қыркүйекте аяқталған тоғыз ай ішінде «Самұрық-Қазына» басқаратын компаниялары үшін Топтың жалпы кірістің сату көлемі 10% -дан астамды құрады. Соңғы жылдық шоғырландырылған есептілікте ашылған өзгерістерден басқа активтер мен операциялық сегменттердің міндеттемелерінде маңызды өзгерістер болған жоқ.

5 Байланысты тараптардың есептері мен операциялары

Бір-бірімен байланысты тараптардың анықтамасы «Бір-бірімен байланысты тараптар туралы ақпаратты ашу» ХҚЕС 24-те келтірілген. Егер тараптардың біреуі басқасын бақылау мүмкіндігіне ие болса, жалпы бақылауда болса немесе басқа тараптың қаржылық және операциялық шешімдерді қабылдауын бірлесіп бақылайтын болса онда тараптар бір-бірімен байланысты саналады. Тараптар бір-бірімен байланысты екендігі туралы мәселені шешу кезінде тараптардың заңдық формасы ғана емес, олардың өзара қатынастарының сипаты да назарға алынады. Бас компания және Компанияның соңғы бақылаушы тарапына 1-ескертпеде анықтама берілген.

Бір-бірімен байланысты тараптар Самұрық-Қазына бақылауындағы компаниялардан тұрады. Байланысты тараптар Самұрық-Қазына бақылауындағы компанияларды қамтиды. Мемлекеттік компаниялармен операциялар, егер олар барлық қоғамдық және жеке компанияларға дәйекті түрде қолданылатын талаптарға сәйкес қарапайым қызмет барысында жүзеге асырылатын болса, ашып көрсетілмейді: i) олар дербес маңызды болып табылатын жағдайда; ii) егер Топ қызметтері барлық тұтынушыларға қолжетімді стандартты жағдайда ұсынылатын болса, немесе iii) электр энергиясын беру, телекоммуникациялық қызметтер және т.б. секілді қызметтер бойынша жеткізушіні таңдау болмаған жағдайда. Төменде 2023 жылғы 30 қыркүйекте бір-бірімен байланысты тараптардың операциялары бойынша өтелмеген қалдықтар көрсетілген:

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	Ортақ бақылаудағы компаниялар	Самұрық- Энергоның бірлескен кәсіпорын- дары мен қауымдасқан компаниялары	Самұрық- Қазынаның бірлескен кәсіпорын- дары мен қауымдасқан компаниялары	Акционер	Мемлекеттік Кәсіпорын- армен жасалған операциялар
Негізгі қызмет бойынша дебиторлық берешек пен басқа дебиторлық берешек	323,215	2,588	18,697	-	21,355,111
Ақша қаражаттары мен оның эквиваленттері	3,763	-	-	-	-
Пайдаланылуы шектелген ақшалай қаражат	240,547	-	-	-	-
Несие мекемелеріндегі қаражат	1,209	-	-	-	-
Өзге қысқа мерзімді активтер	1,136,803	501	-	-	5,172,459
Алынған несиелер	-	14,875,480	3,102	78,070,522	6,704,379
Қаржылық жалдау бойынша міндеттемелер	15,387	-	-	-	-
Негізгі қызмет бойынша кредиторлық берешек пен өзге де кредиторлық берешек	2,787,808	4,001,116	4,654	13,659	17,158,960

5 Байланысты тараптардың есептері мен операциялары (жалғасы)

Төменде 2022 жылғы 31 желтоқсанда бір-бірімен байланысты тараптардың операциялары бойынша өтелмеген қалдықтар көрсетілген:

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	Ортақ бақылаудағы компаниялар	Самұрық-Энергоның бірлескен кәсіпорындары мен қауымдасқан компаниялары	Самұрық-Қазынаның бірлескен кәсіпорындары мен қауымдасқан компаниялары	Акционер	Мемлекеттік Кәсіпорындармен жасалған операциялар
Негізгі қызмет бойынша дебиторлық берешек пен басқа дебиторлық берешек	983,678	-	12,871	-	18,265,171
Ақша қаражаттары мен оның эквиваленттері	179	-	-	-	-
Пайдаланылуы шектелген ақшалай қаражат	212,885	-	-	-	-
Несие мекемелеріндегі қаражат	1,106	-	-	-	-
Өзге қысқа мерзімді активтер	1,337,074	4,541	-	-	35,600
Алынған несиелер	-	13,258,829	3,384	75,136,656	11,756,694
Қаржылық жалдау бойынша міндеттемелер	28,435	-	-	-	-
Негізгі қызмет бойынша кредиторлық берешек пен өзге де кредиторлық берешек	5,932,455	4,104,161	7,919	30,199	10,680,628

Төменде 2023 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған тоғыз ай ішінде бір-бірімен байланысты тараптардың операциялары бойынша кіріс пен шығыстың баптары көрсетілген:

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	Ортақ бақылаудағы компаниялар	Самұрық-Энергоның бірлескен кәсіпорындары мен қауымдасқан компаниялары	Самұрық-Қазынаның бірлескен кәсіпорындары мен қауымдасқан компаниялары	Акционер	Мемлекеттік Кәсіпорындармен жасалған операциялар
Түсім	25,766,744	1,061,003	225,018	-	99,274,193
Өзіндік құн	32,811,596	34,942,511	25,804	-	60,987,837
Жалпы және әкімшілік шығындар	547,204	-	-	-	-
Сату бойынша шығындар	6,248,430	-	-	-	-
Басқа шығындар	10,332	-	-	-	-
Басқа кірістер	9,138	31	29	-	1,244,226
Қаржылық кірістер	10,918	-	-	-	161,108
Қаржылық шығындар	1,965	1,552,601	-	6,198,670	654,658

Төменде 2022 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған тоғыз ай ішінде бір-бірімен байланысты тараптардың операциялары бойынша кіріс пен шығыстың баптары көрсетілген:

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	Ортақ бақылаудағы компаниялар	Самұрық-Энергоның бірлескен кәсіпорындары мен қауымдасқан компаниялары	Самұрық-Қазынаның бірлескен кәсіпорындары мен қауымдасқан компаниялары	Акционер	Мемлекеттік Кәсіпорындармен жасалған операциялар
Түсім	28,082,575	1,216,086	282,691	-	44,750,323
Өзіндік құн	16,657,535	26,414,412	4,540	-	41,507,026
Жалпы және әкімшілік шығындар	321,901	-	-	-	5,833
Сату бойынша шығындар	6,329,600	-	-	-	-
Басқа шығындар	2,035	-	1,543	-	-
Басқа кірістер	1,578	-	-	-	195,245
Қаржылық кірістер	-	-	-	-	-
Қаржылық шығындар	2,817	323,219	-	5,797,927	1,132,906

5 Байланысты тараптардың есептері мен операциялары (жалғасы)

Төменде 2023 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған үш ай ішінде бір-бірімен байланысты тараптардың операциялары бойынша кіріс пен шығыстың баптары көрсетілген:

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	Ортақ бақылаудағы компаниялар	Самұрық-Энергоның бірлескен кәсіпорындары мен қауымдасқан компаниялары	Самұрық-Қазынаның бірлескен кәсіпорындары мен қауымдасқан компаниялары	Акционер	Мемлекеттік Кәсіпорындармен жасалған операциялар
Түсім	883,915	62,086	54,078	-	66,887,821
Өзіндік құн	7,982,657	12,007,407	21,969	-	26,890,582
Жалпы және әкімшілік шығындар	251,195	-	-	-	-
Сату бойынша шығындар	1,810,434	-	-	-	-
Басқа шығындар	1,500	6	-	-	-
Басқа кірістер	3,911	31	27	-	431,242
Қаржылық кірістер	3,707	-	-	-	74,712
Қаржылық шығындар	483	591,081	-	2,126,387	199,009

Төменде 2022 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған үш ай ішінде бір-бірімен байланысты тараптардың операциялары бойынша кіріс пен шығыстың баптары көрсетілген:

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	Ортақ бақылаудағы компаниялар	Самұрық-Энергоның бірлескен кәсіпорындары мен қауымдасқан компаниялары	Самұрық-Қазынаның бірлескен кәсіпорындары мен қауымдасқан компаниялары	Акционер	Мемлекеттік Кәсіпорындармен жасалған операциялар
Түсім	9,620,922	581,266	133,075	-	14,119,627
Өзіндік құн	3,875,628	7,130,666	2,723	-	8,525,611
Жалпы және әкімшілік шығындар	103,673	-	1,379	-	4,956
Сату бойынша шығындар	1,870,105	-	-	-	-
Басқа шығындар	848	-35	-	-	-
Басқа кірістер	749	1,539	-	-	59,986
Қаржылық шығындар	939	-	-	1,941,757	260,985

2023 жылғы 30 қыркүйектегі жағдай бойынша, Топ байланысты тараптардан мынадай кепілдіктер алды:

- Қазақстан Даму Банкімен Қарыз шарты бойынша 12,285,000 мың теңге сомасына Самұрық-Қазына корпоративтік кепілдігі (2022 жылғы 31 желтоқсан: 12,285,000 мың теңге);
- Алматы ЖЭО-2-ні газға көшіру жөніндегі жобаны қаржыландыру мақсатында «АлЭС» АҚ-ның Еуропа Қайта Құру және Даму банкімен (ЕҚДБ) Қарыз шарты бойынша 130,000,000 мың теңге сомаға Самұрық-Қазына корпоративтік кепілдігі. Сондай-ақ, Самұрық-Қазынаның пайдасына Самұрық-Энергодан АлЭС пен ЕҚДБ арасындағы Қарыз шарты бойынша қамтамасыз ету ретінде ЕҚДБ пайдасына Самұрық-Қазына берген кепілдік шеңберінде 130,000,000 мың теңге мөлшерінде кепілдік шартына қол қойылды. Осы қарыз бойынша игеру жүргізілген жоқ (14-ескертпе);
- Алматы ЖЭО-2-ні газға көшіру жобасын қаржыландыру мақсатында «АлЭС» АҚ-ның Азия Даму Банкімен (АДБ) Қарыз шарты бойынша 98,000,000 мың теңге сомаға Самұрық-Қазына корпоративтік кепілдігі. Сондай-ақ, Самұрық-Қазынаның пайдасына Самұрық-Энергодан АлЭС пен АДБ арасындағы Қарыз шарты бойынша қамтамасыз ету ретінде Азия Даму Банкінің пайдасына Самұрық-Қазына берген кепілдік шеңберінде 98,000,000 мың теңге мөлшерінде кепілдік шартына қол қойылды. Осы қарыз бойынша игеру жүргізілген жоқ (14-ескертпе).

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ
Қысқартылған шоғырландырылған аралық қаржылық есептілікке ескертпелер - 2023 жылғы
30 қыркүйек (аудит жүргізілмеген)

5 Байланысты тараптардың есептері мен операциялары (жалғасы)

Төменде негізгі басқарушы персоналдың сыйақылары көрсетілген:

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	2023ж. 30 қыркүйекте аяқталған 9 ай	2022ж. 30 қыркүйекте аяқталған 9 ай
Негізгі басқарушы персонал	292,067	263,522
Тәуелсіз директорлар – директорлар кеңесінің мүшелері	21,446	32,400
Негізгі басқарушы персоналға берілетін барлық сыйақы	313,513	295,922

Негізгі басқарушы персоналға сыйлықақы беру қызметкерлерге жалақыны, сыйлықақыларды және өзге қысқа мерзімді сыйлықақыларды білдіреді. 2023 жылғы 30 қыркүйектегі жағдай бойынша негізгі басқарушылық персонал 5 адамды құрайды (2022 ж. 30 қыркүйек: 4 адам). Тәуелсіз директорлар – Директорлар кеңесінің мүшелері 2023 жылғы 30 қыркүйектегі жағдай бойынша 4 адам (2022 ж. 30 қыркүйек: 3 адам).

6 Негізгі құралдар

Төменде негізгі құралдардың теңгерімдік құнының өзгерістері ұсынылған:

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	Ғимараттар мен құрылыстар	Машиналар және құрал- жабдықтар	Өзге	Аяқталма -ған құрылыс	Барлығы
2023 жылғы 1 қаңтардағы құны Жинақталған тозу мен құнсыздану	291,176,219 (109,895,804)	712,683,772 (355,865,509)	19,893,336 (8,797,020)	174,186,473 (3,105,899)	1,197,939,800 (477,664,232)
2023 жылғы 1 қаңтардағы теңгерімдік құн	181,280,415	356,818,263	11,096,316	171,080,574	720,275,568
Түсімдер	8,580	649,050	298,181	58,456,479	59,412,290
Есептік бағалаудағы өзгеріс	(2,239,313)	(86,365)	-	-	(2,325,678)
Ауыстырулар	7,638,204	5,723,683	186,602	(13,548,489)	-
Істен шығу	(19,794)	(680,080)	(144,426)	-	(844,300)
Тозу	(10,672,539)	(37,376,986)	(1,003,011)	-	(49,052,536)
Істен шығудағы тозу	5,696	593,698	122,914	-	722,308
Құнсыздану (3-ескертпе)	6,917	384	270	(4,858,146)	(4,850,575)
2023 жылғы 30 қыркүйектегі құны Жинақталған тозу мен құнсыздану	296,563,896 (120,555,730)	718,290,066 (392,648,413)	20,233,694 (9,676,848)	219,094,463 (7,964,045)	1,254,182,113 (530,845,036)
2023 жылғы 30 қыркүйектегі теңгерімдік құн	176,008,166	325,641,647	10,556,846	211,130,418	723,337,077

Түсімдер сомасы 8,118,833 мың теңге сомасындағы қарыздар бойынша капиталдандырылған шығындардан тұрады. Сыйлықақылар бойынша шығындарды капиталдандырудың орташа мөлшерлемесі 14.42% (2022 ж.: 12.32%).

Тозу бойынша шығындар бір жыл ішіндегі пайда мен залалдың мынадай баптарына жатқызылды:

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	2023ж. 30 қыркүйекте аяқталған 9 ай	2022ж. 30 қыркүйекте аяқталған 9 ай
Сатудың өзіндік құны	48,811,231	43,852,878
Жалпы және әкімшілік шығындар	176,324	285,184
Өзге операциялық шығындар	59,400	27,050
Аяқталмаған құрылыста капиталдандырылған	5,581	3,157
Тозу бойынша барлық шығындар	49,052,536	44,168,270

7 Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларға салынған инвестициялар

Төмендегі кестеде Топтың бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларға салған инвестицияларының теңгерімдік құнындағы өзгерістер көрсетілген.

Қазақстандық мың теңгемен	Бірлескен кәсіпорындар		Қауымдасқан компания	
	ЕГРЭС-2	Forum Muider B.V.	Энергия Семиречья	Барлығы
2022 ж. 1 қаңтардағы қалдық	18,140,608	53,747,149	2,105,563	73,993,320
Кезеңдегі ішіндегі пайданың/(залалдың) үлесі	1,340,135	12,312,053	(705,869)	12,946,319
2022 ж. 30 қыркүйектегі қалдық	19,480,743	66,059,202	1,399,694	86,939,639
2023 ж. 1 қаңтардағы қалдық	20,408,582	68,158,762	1	88,567,345
Кезеңдегі ішіндегі пайданың/(залалдың) үлесі	216,463	8,902,953	12,898	9,132,314
Алынған дивидендтер	(1,052,246)	-	-	(1,052,246)
2023 ж. 30 қыркүйектегі қалдық	19,572,799	77,061,715	12,899	96,647,413

2023 жылғы 30 қыркүйектегі жағдай бойынша Топтың бірлесіп бақыланатын кәсіпорындарда мынадай меншік үлесі бар:

- ЕГРЭС-2 – 50%. Қалған 50% иелік ету үлесі АҚ «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қорына тиесілі.
- Forum Muider – 50%. Қалған 50% иелік ету үлесі UC RUSAL–ға тиесілі.

«Энергия Семиречья» жаңартылатын энергия көздерін пайдалана отырып, электр энергиясын өндіру мен сату, объектілерді жобалау мен салу бойынша қызмет көрсетеді. «Энергия Семиречья» акционерлері - «Hydrochina Corporation» (қатысу үлесі - 50%), «Самұрық - Энерго» АҚ (Qazaq Green Power PLC арқылы қатысу үлесі - 25%), «Powerchina Chegdu Engineering Corporation» (қатысу үлесі - 15%), және Powerchina Resources Ltd (қатысу үлесі - 10%).

8 Өзге де ұзақ мерзімді активтер

Қазақстандық мың теңгемен	2023 ж. 30 қыркүйек	2022 ж. 31 желтоқсан
Ұзақ мерзімді дебиторлық берешек	709,726	621,228
Облигациялар	405,235	380,375
Пайдаланылуы шектелген ақшалай қаражат	274,059	246,252
Өзге де қаржылық ұзақ мерзімді активтер	39,464	43,878
Минус: құнсыздануға арналған резерв	(106,418)	(112,272)
Өзге қаржылық ұзақ мерзімді активтер жиыны	1,322,066	1,179,461
Ұзақ мерзімді активтер бойынша алдын ала төлемдер	67,900,481	45,229,892
Өтеуге арналған ұзақ мерзімді ҚҚС	54,754	54,754
Өзге де ұзақ мерзімді активтер	22,730	322,661
Минус: құнсыздануға арналған резерв (3-ескертпе)	(15,541,350)	(6,220,277)
Өзге де ұзақ мерзімді активтер жиыны	53,758,681	40,566,491

8 Өзге де ұзақ мерзімді активтер (жалғасы)

Басқа ұзақ мерзімді активтердің жалпы сомасы мынадай түпкілікті сипаттағы қызметтер мен негізгі құралдар үшін алдын ала төлемдер мен аванстардан тұрады:

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	2023 ж. 30 қыркүйек	2022 ж. 31 желтоқсан
Алматы ЖЭО-2-ні қоршаған ортаға әсерін барынша азайта отырып жаңғырту	32,491,296	-
Электрофильтрлерді орнатумен ЕГРЭС-1 № 1 қондырғысын қалпына келтіру	15,677,636	27,975,024
Ерейментауда қуаттылығы 50 МВт жел паркін салу	15,376,102	9,155,825
ЕГРЭС-1 энергоблоктарын күрделі жөндеу	3,597,204	1,257,704
Алматы қаласы мен Алматы облысында қосалқы станциялар салу және қайта құрылымдау	425,366	-
Басқалар	332,877	621,062
Ұзақ мерзімді активтер бойынша алдын ала төлемдер жиыны	67,900,481	45,229,892

2023 жылғы 30 қыркүйектегі жағдайы бойынша Ерейментау қаласындағы 50 МВт ЖЭС құрылысына 15,376,102 мың теңге сомасында алдын ала төлем толығымен құнсызданды (3-ескертпе). 2022 жылы осы алдын ала төлем құнсыздануынан 6,220,277 мың теңге сомасында шығынды мойындады.

9 Негізгі қызмет бойынша дебиторлық берешек және басқа дебиторлық берешек

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	2023 ж. 30 қыркүйек	2022 ж. 31 желтоқсан
Негізгі қызмет бойынша дебиторлық берешек	40,735,052	41,969,907
Минус: құнсыздану резерві	(2,431,391)	(2,916,480)
Қаржылық дебиторлық берешек жиыны	38,303,661	39,053,427
Басқа дебиторлық берешек	3,344,283	3,445,463
Минус: құнсыздану резерві	(2,878,696)	(2,879,299)
Негізгі қызмет бойынша дебиторлық берешек және басқа дебиторлық берешек жиыны	38,769,248	39,619,591

10 Өзге де қысқа мерзімді активтер

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	2023 ж. 30 қыркүйек	2022 ж. 31 желтоқсан
Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің облигациялары мен ноталары	4,866,955	385,631
Пайдаланылуы шектелген ақша қаражаты	317,929	1,708,866
Өзге дебиторлық берешек	234,056	8,083,588
Өзге де қаржылық қысқа мерзімді активтер	28,906	163,498
Минус: құнсыздануға арналған резерв	(520,964)	(1,316,278)
Өзге қаржылық қысқа мерзімді активтер жиыны	4,926,882	9,025,305
Жеткізушілерге берілетін аванстар	6,240,428	2,850,335
Салықтар бойынша өтеуге және алдын ала төлеуге қатысты ҚҚС	2,622,754	2,913,221
Өзге де қаржылық емес қысқа активтер	2,058,744	1,902,298
Минус: құнсыздануға арналған резерв	(418,732)	(418,106)
Өзге де қысқа мерзімді активтер жиыны	15,430,076	16,273,052

2023 жылдың тоғыз айы ішінде Топ 16,7% мөлшерлеме бойынша ҚР Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді ноталарына 4,867,563 мың теңге көлемінде ақша қаражатын инвестициялады.

«Алматы ЖЭО-2-ні қоршаған ортаға әсерін барынша азайта отырып жаңғырту» жобасын іске асыру шеңберінде «АлЭС» АҚ 2023 жылдың тоғыз айы ішінде өнім берушілерге 3,732,574 мың теңге сомаға аванс төледі.

2023 жылғы 29 қыркүйекте «БЭСК Холдинг» ЖШС 2017 жылы сатылған «ШҚ АЭК» АҚ акцияларын сатып алу шарты бойынша Топ алдындағы берешегін толық өтеді.

11 Ақшалай қаражат және оның эквиваленттері

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	2023 ж. 30 қыркүйек	2022 ж. 31 желтоқсан
Бастапқы өтеу мерзімі үш айдан аз басқа банктермен сатып алу-сату шарттары («кері РЕПО келісімдері»)	24,917,353	9,999,119
Жедел депозиттер	2,854,477	21,523,461
Ағымдағы банк шоттарындағы ақша қаражаттары	614,288	3,072,728
Кассадағы ақша қаражаттары	18,697	21,452
Ақшалай қаражат пен оның эквиваленттерінің жиыны	28,404,815	34,616,760

Ақшалай қаражат пен оның эквиваленттері келесі валюталарда ұсынылған:

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	2023 ж. 30 қыркүйек	2022 ж. 31 желтоқсан
Теңге	28,404,815	33,705,253
АҚШ доллары	-	-
Еуро	-	911,507
Ақшалай қаражат пен оның эквиваленттерінің жиыны	28,404,815	34,616,760

12 Капитал

2023 жылғы 30 қыркүйектегі жағдай бойынша 5,908,217 шығарылған жай акциялары толығымен төленді (2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша: 5,632,537 акциялар). Әрбір жай акция бір дауыс құқығын береді. Компанияда артықшылықты акциялары жоқ. Жарияланған акциялардың саны 8,602,187 тең (2022 жылғы 31 желтоқсан: 8,602,187 жарияланған акциялар).

2023 жылғы 1 шілдеде «Самұрық-Қазына» АҚ АлЭС-ті газға көшіру жөніндегі жобаны қаржыландыру мақсатымен Компанияның жарғылық капиталына 24,201,138 мың теңге сомада жарна төледі (3-ескертпе).

11 тамызда Компания 22,180 дана акцияны 103,250 теңге бағасы бойынша «Самұрық-Қазына» АҚ-ны электр желілік активтермен төлеу арқылы басымдықпен сатып алу құқығымен орналастырды. 2023 жылғы 30 қыркүйектегі жағдай бойынша, электр желісінің активтері Компанияның балансына берілмеді.

2023 жылғы 26 сәуірде Топ жалғыз акционерге 2,041,000 мың теңге мөлшерінде дивиденд төлегенін жариялады - бір акцияға 362.36 теңге. 2023 жылғы 29 мамырда дивидендтер толық төленді.

13 Активтерді жою міндеттемелері бойынша резерв

Төменде активтерді жою міндеттемелерінің резерві бойынша қозғалыс көрсетілген:

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	Ескертпе	2023 ж. 30 қыркүйек	2022 ж. 31 желтоқсан
1 қаңтардағы резерв		19,146,405	7,402,232
Есептік бағалаудағы өзгерістер	3, 6	(2,067,369)	54,558
Дисконтты амортизациялау	20	1,202,575	178,849
Объектілерді пайдалану салдарын жою жөніндегі міндеттемелерге қатысты барлық резерв		18,281,612	7,635,640

Төменде барлық күл үйінділерін жоюға арналған резерві бойынша қозғалыс көрсетілген:

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	Ескертпе	2023 ж. 30 қыркүйек	2022 ж. 31 желтоқсан
1 қаңтардағы резерв		2,481,986	2,826,592
Негізгі құралдар арқылы бухгалтерлік есептің өзгеруі	3, 6	(258,309)	(672,037)
Басқа операциялық кірістер құрамында танылған бухгалтерлік есептің өзгерістері	3	(285,216)	-
Дисконтты амортизациялау	20	234,951	316,612
Басқалар		-	10,822
Барлық күл үйінділерін жоюға арналған резерві		2,173,411	2,481,989

14 Қарыздар

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	2023 ж. 30 қыркүйек	2022 ж. 31 желтоқсан
Ұзақ мерзімді бөлігі		
Жедел банктік қарыздар	101,146,744	34,264,857
Самұрық-Қазынадан алынған қарызы	68,664,551	72,571,081
Шығарылған облигациялар	40,119,415	40,113,235
Тұтынушылардан алынған қарызы	789,234	844,990
Барлық ұзақ мерзімді бөлігі	210,719,944	147,794,163
Қысқа мерзімді бөлігі		
Жедел банктік қарыздар	21,524,376	101,502,163
Богатырь-Комирден алынған қарызы	14,875,480	13,258,829
Самұрық-Қазынадан алынған қарызы	9,405,971	2,565,578
Шығарылған облигациялар	1,168,909	413,567
Тұтынушылардан алынған қарызы	408,537	392,678
Барлық қысқа мерзімді бөлігі	47,383,273	118,132,815
Барлық қарыздар	258,103,217	265,926,978

2023 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған тоғыз ай ішінде қарыздар бойынша келесі елеулі өзгерістер болды:

«Самұрық-Энерго» АҚ

2023 жылғы 30 қыркүйекте Компания Еуразия даму банкінен 2024 жылғы 31 қазанда өтеу мерзімімен 6,626,296 мың теңге сомасына қарыз алды. Нысаналы мақсаты - еншілес ұйымның Еуразия даму банкі алдындағы негізгі борышын өтеу мақсатында «Ereumentau Wind Power» ЖШС-ға қарыз беру. Пайыздық мөлшерлемесі - 2026 жылғы 31 қазанға дейін жылдық 11.5%. 2026 жылғы 1 қарашадан бастап негізгі борыш толық өтелгенге дейін пайыздық мөлшерлеме Қазақстан Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесінің және жылдық 2.25% маржаның сомасына тең.

2023 жылдың 30 қыркүйекте Компания Еуропа Қайта Құру және Даму банкінің алдындағы қарызын толығымен төледі.

2023 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған тоғыз айдың ішінде Компания «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-да 4,000,000 мың теңге сомаға қарызды және «Bereke Bank» АҚ-да мың 7,000,000 теңге сомаға қарызды өтеді.

«Ereumentau Wind Power» ЖШС

2023 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған тоғыз айдың ішінде «Ereumentau Wind Power» ЖШС Еуразия Даму Банкінің қарызы бойынша берешекті мерзімінен бұрын өтеді.

Мойнақ ГЭС» АҚ

2023 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған тоғыз айдың ішінде «Мойнақ ГЭС» АҚ «Қазақстан Даму Банкі» АҚ-дан 5,660,617 мың теңге мөлшерінде алынған қарыздар бойынша негізгі борыш пен сыйақыны өтеді. Компания 14.12.2005 ж. №КИ071-В/05 банктік қарыз шарты бойынша «Қазақстан Даму Банкі» АҚ-дан (1 транш USD) алынған валюталық қарызды мерзімінен бұрын толық өтеді.

«Алматы электр станциялары» АҚ

2023 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған тоғыз ай ішінде «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-мен жасалған 2014 жылғы 26 қарашадағы № KS 02-14-39 Кредиттік желіні беру туралы келісімі шеңберінде АлЭС 18.75% сыйақы мөлшерлемесі бойынша жалпы сомасы 5,997,346 мың теңгеге айналым қаражатын толықтыруға қарыз алды, сондай-ақ «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-дан алған қарыздар бойынша жалпы сомасы 2,464,725 мың теңгеге негізгі борышты өтеді. «First Heartland Jusan Bank» АҚ-ның айналым қаражатын толықтыруға арналған қарыздар бойынша жалпы сомасы 5,318,489 мың теңгеге негізгі борышты өтеу. «First Heartland Jusan Bank» АҚ инвестициялық қарыздары бойынша жалпы сомасы 3,494,620 мың теңгеге негізгі борышты өтеді.

15 Қарыздар (жалғасы)

2023 жылғы 8 маусымда АлЭС пен «Қазақстан Даму Банкі» АҚ арасында өтеу мерзімі 2037 жылға дейін 117,000,000 мың теңге сомасына № SKL-04-23 кредиттік желісін ашу туралы келісімге қол қойылды. 2023 жылғы 9 маусымда АлЭС пен Азия Даму Банкі арасында өтеу мерзімі 2037 жылға дейінгі 98,000,000 мың теңге сомасына Кредиттік келісімге қол қойылды. Пайыздық мөлшерлеме All-in cost және банк маржасы негізінде белгіленеді. Осы қарыздар бойынша игеру жүргізілген жоқ.

«Б.Нұржанов атындағы Екібастұз МАЭС-1» ЖШС

2023 жылғы 01 қаңтардан бастап 2023 жылғы 30 қыркүйекті қоса алғандағы мерзімде аралығында Компания «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-дан 2029 жылғы 30 қарашаға дейінгі мерзімге 18,5% және 18.75% мөлшерлемемен «№1 энергия блогын қалпына келтіру» жобасы үшін 16,507,828 мың теңге сомаға қарыз алды. Сондай-ақ, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-дан 12 ай ішінде өтеу мерзімімен және 18.75% мөлшерлемемен айналым қаражатын толықтыру үшін 4,300,000 мың теңге сомаға қарыз алынды. 2023 жылдың 3 тоқсанында Компания айналым қаражатын толықтыру үшін 6,866,000 мың теңге мөлшерде қарызды өтеді.

2023 жылғы 08 ақпанда Компания мен «Қазақстан Халық Банкі» АҚ ҚР Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесіне тең мөлшерде пайыздық мөлшерлемені өзгерте отырып, Кредиттік желіні беру туралы келісімге № 25 қосымша келісімге және жылдық 2% - ға қол қойды.

2023 жылғы 27 ақпанда ЕГРЭС-1 «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-мен кредиттік желі беру туралы келісімге қосымша келісімге қол қойды, оның шарттары бойынша банктің 10 ай ішінде қарызды қайтаруды талап ету құқығы 13 айға өзгереді.

«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ

2023 жылғы 23 ақпанда АЖК «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-мен Кредиттік желі беру туралы келісімге қосымша келісімге қол қойды, оның шарттары бойынша банктің 10 ай ішінде қарызды қайтаруды талап ету құқығы 13 айға өзгереді. Нәтижесінде 1,922,279 мың теңге сомасындағы қарыздар қысқа мерзімді қарыздардан ұзақ мерзімді қарыздарға қайта жіктелді.

2023 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған тоғыз айдың ішінде Компания «Қазақстан Халық банкі» АҚ-мен жасалған 2015 жылғы 30 маусымдағы №KS 02-15-21 Кредиттік желі беру туралы келісім шеңберінде қарыздар бойынша 2,421,827 мың теңге сомаға негізгі борышты және 377,873 мың теңге сомаға сыйақыны жоспар бойынша өтеді.

15 Негізгі қызмет бойынша кредиторлық берешек және өзге де кредиторлық берешек

<i>Қазақстандық мың теңгеммен</i>	2023 ж. 30 қыркүйек	2022 ж. 31 желтоқсан
Негізгі қызмет бойынша кредиторлық берешек	21,144,153	19,498,687
Негізгі құралдарды сатып алу бойынша кредиторлық берешек	6,132,296	16,990,391
Жалақы бойынша берешек	2,342,467	2,352,092
Дивиденділер бойынша қарыз	462,218	420,552
Басқа қаржылық кредиторлық берешек	4,098,927	4,306,966
Қаржылық кредиторлық берешек жиыны	34,180,061	43,568,688
Алматы қ, әкімдігі алдындағы берешек	5,841,514	5,841,514
Пайдаланылмаған демалыстар бойынша аударылған резервтер	2,521,099	2,637,241
Сатып алушылар мен тапсырыс берушілерден алынған алдын ала төлемдер	1,797,898	4,167,068
Өзге де қаржылық емес кредиторлық берешек	895,700	1,283,167
Негізгі қызмет бойынша барлық кредиторлық берешек және өзге де кредиторлық берешек жиыны	45,236,272	57,497,678

16 Түсім

<i>Қазақстандық мың теңгеммен</i>	30 қыркүйекте аяқталған 9 ай 2023 ж.	30 қыркүйекте аяқталған 9 ай 2022 ж.	30 қыркүйекте аяқталған 3 ай 2023 ж.	30 қыркүйекте аяқталған 3 ай 2022 ж.

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ
Қысқартылған шоғырландырылған аралық қаржылық есептілікке ескертпелер - 2023 жылғы
30 қыркүйек (аудит жүргізілмеген)

Электр қуатын сату	268,784,434	220,214,346	96,642,097	77,255,814
Электр қуатының дайындығын қолдау қызметінен түсім	22,227,497	25,770,578	7,228,446	8,619,607
Жылу қуатын сату	14,706,526	11,753,070	1,845,601	1,551,854
Электр қуатын тасымалдау	8,346,889	5,701,088	2,986,985	2,068,121
ЖЭК электр станцияларын жалға беруден түскен кіріс	4,380,771	3,617,069	970,186	640,891
Инвестициялық меншікті жалға беруден кіріс	3,323,089	3,122,576	1,100,252	1,071,678
Химиялық суды сату	1,385,419	1,368,414	483,302	468,631
Басқалар	843,120	2,041,734	403,544	696,862
Барлық түсім	323,997,745	273,588,875	111,660,413	92,373,458

17 Сатудың өзіндік құны

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	30 қыркүйекте	30 қыркүйекте	30 қыркүйекте	30 қыркүйекте
	аяқталған 9 ай	аяқталған 9 ай	аяқталған 3 ай	аяқталған 3 ай
	2023 ж.	2022 ж.	2023 ж.	2022 ж.
Отын	61,937,125	45,637,143	17,529,087	13,459,976
Негізгі құралдардың тозуы және материалдық емес активтердің амортизациясы	49,180,921	44,389,168	15,492,058	14,894,612
Сатып алынған электр қуатының бағасы	58,693,694	36,413,314	25,024,124	13,328,921
Еңбекақы мен онымен байланысты шығындарды төлеу	35,615,333	29,818,916	11,992,433	9,697,318
Электр қуатын тасымалдау қызметтері мен басқа қызметтер	11,917,860	9,684,283	3,972,005	3,331,677
Табыс салығынан басқа салықтар	7,548,463	7,787,908	2,378,261	2,709,698
Электр қуатының дайындығын қолдау	6,557,689	6,531,476	2,103,141	2,168,445
Сумен қамтамасыз ету	5,618,050	5,265,507	2,111,894	1,813,022
Бөгде ұйымдар қызметтері	2,184,711	3,912,620	847,186	1,622,026
Жөндеу және ұстау	3,172,105	2,580,454	2,236,228	1,271,905
Материалдар	1,118,430	828,535	669,638	430,965
Күзет қызметтері	750,339	551,491	383,816	280,170
Ликвидті емес тауар-материалдық қорлар бойынша резервтерді (қалпына келтіру)/есептеу	441,853	(8,327)	20,974	(8,318)
Басқалар	1,263,273	1,539,292	688,306	692,267
Барлық сатудың өзіндік құны	164,725,065	131,703,796	76,557,528	60,969,663

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ
Қысқартылған шоғырландырылған аралық қаржылық есептілікке ескертпелер - 2023 жылғы
30 қыркүйек (аудит жүргізілмеген)

18 Жалпы және әкімшілік шығындар

Қазақстандық мың теңгемен	30 қыркүйекте	30 қыркүйекте	30 қыркүйекте	30 қыркүйекте
	аяқталған 9 ай	аяқталған 9 ай	аяқталған 3 ай	аяқталған 3 ай
	2023 ж.	2022 ж.	2023 ж.	2022 ж.
Еңбекақы мен онымен байланысты шығындарды төлеу	6,330,746	5,701,472	1,950,343	1,872,523
Негізгі құралдардың тозуы және материалдық емес активтердің амортизациясы	736,819	714,636	250,761	232,660
Консультациялық және басқа кәсіби қызметтер	543,404	328,290	208,362	69,864
Бағдарламалық құралға техникалық қызмет көрсету	442,943	48,861	150,824	12,806
Күзет қызметі	373,717	343,463	125,926	126,509
Табыс салығынан басқа салықтар және бюджетке төленетін басқа да төлемдер	203,820	298,120	77,511	51,889
Іссапар және өкілдік шығындар	185,375	133,064	53,023	57,354
Мемлекеттік баж салықтары	164,474	3,174,287	56,532	7,119
Материалдар	136,861	171,617	50,946	56,164
Сақтандыру	118,652	103,478	40,186	28,418
Жөндеу шығындары	116,274	83,940	60,885	25,128
Жалдау шығындары	100,501	90,695	28,238	30,107
Байланыс шығындары	64,871	70,141	19,377	23,292
Көлік шығындары	47,004	19,691	16,095	7,051
Банк жиындары	27,592	25,390	14,821	8,530
Негізгі қызметтен алынған дебиторлық берешектің және өзге де дебиторлық берешектің, басқа қысқа мерзімді активтердің құнсыздануы бойынша резервтерді есептеу	9	(365)	-	-
Басқалар	1,011,600	1,212,634	283,010	526,112
Барлық жалпы және әкімшілік шығындар	10,604,662	12,519,414	3,386,840	3,135,526

19 Қаржылық табыстар

Қазақстандық мың теңгемен	30 қыркүйекте аяқталған 9 ай		30 қыркүйекте аяқталған 3 ай	
	2023 ж.	2022 ж.	2023 ж.	2022 ж.
Банк депозиттері бойынша пайыздық табыстар	2,233,441	1,288,093	541,511	531,213
Алынған несиені бастапқы тану кезіндегі кіріс	1,089,771	68,429	6,576	62,908
Облигациялар және қарыздар бойынша дисконт амортизациясынан табыстар	665,150	141,902	155,437	166,825
Ұзақ мерзімді дебиторлық берешекті дисконттау табыстар	412,680	502,650	168,066	31,414
Бағам айырмашылығының табысы	48,656	-	268,538	-
Өзгесі	309,077	2,258	-	-
Барлық қаржылық табыстар	4,758,775	2,003,332	1,140,128	792,360

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ
Қысқартылған шоғырландырылған аралық қаржылық есептілікке ескертпелер - 2023 жылғы
30 қыркүйек (аудит жүргізілмеген)

20 Қаржылық шығындар

	30 қыркүйекте аяқталған 9 ай	30 қыркүйекте аяқталған 9 ай	30 қыркүйекте аяқталған 3 ай	30 қыркүйекте аяқталған 3 ай
<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	2023 ж.	2022 ж.	2023 ж.	2022 ж.
<i>Облигациялар және қарыздар бойынша қаржылық шығындар:</i>				
-Сыйлықақы шығындары	10,543,895	16,869,062	2,965,228	4,854,652
-Келтірілген бағаның дисконтын алып тастау	5,550,656	5,275,299	1,826,569	1,805,825
<i>Келтірілген бағаның дисконтын алып тастау</i>				
-Активтерді жоюға арналған резерві (13-ескертпе)	1,437,526	185,756	262,037	75,865
-Қызметкерлерге сыйақылар бойынша міндеттемелер	165,636	125,221	51,388	37,857
Бағам айырмашылығының шығындары	-	456,394	48,452	77,501
Еншілес компаниялардың артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер	158,041	211,391	-	-
Өзгелері	367,375	399,262	207,576	128,268
Барлық қаржылық шығындар	18,223,128	23,522,386	5,361,250	6,979,967

21 Табыс салығы бойынша шығындар

	30 қыркүйекте аяқталған 9 ай	30 қыркүйекте аяқталған 9 ай	30 қыркүйекте аяқталған 3 ай	30 қыркүйекте аяқталған 3 ай
<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	2023 ж.	2022 ж.	2023 ж.	2022 ж.
Ағымдағы табыс салығы бойынша шығындар	15,483,242	15,094,788	4,830,098	5,227,404
Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша үнемдеу	(4,640,677)	(2,191,085)	(1,255,209)	(557,669)
Барлық табыс салығы бойынша шығындар	10,842,565	12,903,703	3,574,889	4,669,735

22 Шартты және келісімшартты міндеттемелер мен операциялық тәуекелдер

Төменде көрсетілген ақпараттан басқа, 2023 жылғы 30 қыркүйектегі жағдай бойынша, 2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін шоғырландырылған қаржылық есептілікте ашылған қандай да бір шартты және шарттық міндеттемелер мен операциялық тәуекелдер болған жоқ.

Салық заңнамасы

2020 жылғы шілдеден бастап Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті (бұдан әрі – МКК) көлденең мониторингті енгізу жөніндегі пилоттық жобаны іске қосты, ол 2023 жылғы 31 желтоқсанға дейін жалғасады. Сөйтіп, 2021-2022 жылдары МКК көлденең мониторинг бойынша пилоттық жоба шеңберінде ЕГРЭС-1 және Самұрық-Энерго (Корпоративтік орталық) бойынша бес жылдық кезеңдегі тарихи деректерге зерделеу жүргізілді, оның қорытындысы бойынша салықтық тексерулер жүргізілді, салықтық тексерудің нәтижелері туралы хабарламалар берілді. Анықталған негізгі бұзушылықтар қарыздар бойынша сыйақыларға қатысты заңсыз шегерімдерді, сондай-ақ төлем көзінен КТС-ны төмендетуді қамтиды. Компаниялар өздерінің келіспеушіліктерін білдіріп, соттарда дауласу жұмыстарын жалғастыруда.

Топ басшылығы оның тиісті заңнаманы түсіндіруі қолайлы және топтың салықтық ұстанымы негізделген деп санайды. Басшылықтың пікірінше, топтар бұрын танылған резервтерден асатын ағымдағы және ықтимал салық талаптары бойынша айтарлықтай шығынға ұшырамайды.

ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің тергеуі

2023 жылғы 13 шілдеде қазақстандық бұқаралық ақпарат құралдарында ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс - қимыл агенттігі (бұдан әрі – «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет») Самұрық-Қазына, Самұрық-Энерго және «Қазақстан Темір Жолы» ҰК» АҚ басшылығына қатысты қызметтік өкілеттіктерді теріс пайдалану фактісі бойынша тергеу жүргізіп жатқаны туралы ақпарат пайда болды. Сондай-ақ, 2023 жылғы шілдеде Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет жекелеген тауар нарықтарындағы бәсекелестіктің жай-күйі және 2022 жылғы монополистік қызметті шектеу бойынша қабылданып жатқан шаралар туралы есеп жариялады, онда «Қазақстан Темір Жолы» ҰК» АҚ Самұрық-Энергоның энергия өндіруші ұйымдарымен және Самұрық-Қазынаның басқа да энергия өндіруші ұйымдарымен бір құрылымда бола отырып, электр энергиясын тікелей электр станцияларынан емес, әртүрлі энергиямен жабдықтаушы ұйымдар арқылы сатып алды.

Топ электр энергиясын энергиямен жабдықтаушы компаниялардың едәуір бөлігіне стандартты шарттармен және Үкімет бекіткен тарифтер бойынша сатады. Қазақстанда ірі тұтынушылар мен энергиямен жабдықтаушы ұйымдардың электр энергиясын әртүрлі өндіруші компаниялардан сатып алу мүмкіндігі бар электр энергиясының көтерме нарығы жұмыс істейді. Топ Қазақстандағы барлық электр энергиясының 28% ғана бақылайды.

Жүргізілген ішкі комплаенс-тексеру нәтижелері бойынша Топ басшылығы Топтың қызметі бойынша барлық операциялар заңнама шеңберінде жүзеге асырылды, осы тергеу бойынша шығындардың немесе беделді шығындардың болу ықтималдылығы төмен болып табылады, сондай-ақ бұл оқиғаның Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсері жоқ деген қорытындыға келді.

Топ басшылығы осы мәселені қадағалайды және осы мәселе шеңберінде Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметке қажетті ақпарат беріп, қолдау көрсетеді.

Павлодар облысы бойынша Экономикалық тергеу департаменті Тергеу басқармасының (бұдан әрі – ЭТД) сотқа дейінгі тергеуі - «Богатырь-Көмір» ЖШС

ЭТД өндірісінде бүгінгі күнге дейін аяқталмаған сотқа дейінгі тергеу материалы жатыр. Тергеу «Богатырь-Көмір» ЖШС-ның қолданыста болған немесе қабылдау күнінде техникалық ерекшелікке сәйкес келмейтін тауар-материалдық қорларды (бұдан әрі - ТМҚ) сатып алуына қатысты. Мұндай активтерді сатып алудың жалпы құнының болжамды құны шамалы. Шоғырландырылған қаржылық есептілікті шығарған кезде Топ басшылығы осы тергеу бойынша залалдардың немесе беделді шығындардың болу ықтималдылығы төмен деп есептейді, бұл жағдай оқшауланған болып табылады, сондай-ақ бұл оқиғаның Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсері жоқ деп есептейді. Топ басшылығы осы мәселені қадағалайды және осы мәселе шеңберінде ЭТД-ге қажетті ақпарат беріп, қолдау көрсетеді.

22 Шартты және келісімшартты міндеттемелер мен операциялық тәуекелдер (жалғасы)

Қоршаған ортаны қорғау мәселелері

Табиғатты қорғау заңнамасына сәйкес Топтың парниктік газдар шығарындыларына қосымша квоталар сатып алу бойынша заңды міндеттемелері бар. Топ үшін электр энергиясын жоспарлы өндіруге және өнім бірлігіне парниктік газдар шығарындыларының үлестік коэффициентіне байланысты 2025 жылға дейінгі көміртегі квоталарының көлемі белгіленген. ЕГРЭС-1 өндірісінің ұлғаюына байланысты Топтың 2022 және 2021 жылдары парниктік газдар шығарындыларына квота тапшылығын қалыптасты. Топ Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне сәйкес парниктік газдар шығарындыларына квота тапшылығын алуға өтініш беру үшін жұмыстар жүргізуде. 2023 жылғы 30 қыркүйектегі жағдай бойынша резервке 2022 және 2021 жылдардағы парниктік газдар шығарындыларына қосымша квоталар сатып алуға арналған ЕГРЭС-1 міндеттемелері кіреді. 2023 жылдың тоғыз айында ЕГРЭС-1 квоталарда белгіленген шығарындылар көлемінен асырған жоқ.

2022 жылғы 27 сәуір мен 20 мамыр аралығында Павлодар облысы бойынша Экология департаменті профилактикалық қадағалау жүргізді және оның нәтижелері бойынша Бұзушылықтарды жою туралы ұйғарым шығарылды. Бұдан әрі Мемлекеттік экологиялық инспектор ҚР Экологиялық кодексінің парниктік газдар шығарындыларының тиісті жылға бекітілген квотадан асып кетуіне тыйым салу бөлігін бұзуға қатысты Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасады.

Жүргізілген тексеру нәтижелерімен келіспеушілікке байланысты қазіргі уақытта ЕГРЭС-1 тексеру нәтижелеріне дау айту бойынша жұмыс жүргізді және 2022 жылдың желтоқсанында сот органдары ЕГРЭС-1-дің пайдасына шешім шығарды. 2023 жылғы 23 ақпанда Экология департаменті тарапынан сотқа кассациялық шағым берілді, алайда кассациялық шағым беру мерзімін өткізіп алуына байланысты соттың 2023 жылғы 28 ақпандағы ұйғарымымен шағым қайтарылды. Соттың 2023 жылғы 5 сәуірдегі ұйғарымына сәйкес кассациялық шағым берудің іс жүргізу мерзімін қалпына келтіруге байланысты Экология департаменті ҚР Жоғарғы сотына кассациялық шағым берді. 2023 жылғы 15 мамырда ҚР сот істерінің бірыңғай базасына сәйкес іс ҚР Жоғарғы Сотының судьясына берілді. Осы қаржылық есептілікті бекіту күніндегі жағдай бойынша сот отырысы тағайындалмады, іс жүргізу аяқталмады.

Негізгі себептер мен фактілерді талдау негізінде басшылық ЕГРЭС-1 міндеттемесі есептелген резерв сомасынан аспауы тиіс деп санайды. Квотамен жабылмайтын электр энергиясының қосымша көлемін өндіру «KEGOC» АҚ-ның бөлінуіне сәйкес Қазақстан Республикасы энергия жүйесінің сенімді жұмысын қамтамасыз ету үшін жүзеге асырылды. Қосымша квота бойынша міндеттеме сомасы асып кеткен кезде қажетті электр энергиясын өндіру ағымдағы тарифтер кезінде Топ үшін экономикалық тұрғыдан тиімсіз болады.

Алматы ЖЭО-2-ні қоршаған ортаға әсерін барынша азайта отырып жаңғырту

2023 жылдың бірінші жарты жылдығында жобаны іске асыру шеңберінде мынадай іс-шаралар жүзеге асырылды:

- 2023 жылғы 8 маусымда АлЭС пен Қазақстан Даму Банкі арасында кредиттік келісім жасалды, 2023 жылғы 9 маусымда АлЭС пен Азия Даму Банкі арасында кредиттік келісім жасалды. Келісімдер «Самұрық-Қазына» АҚ кепілдігімен жасалды (5-ескертпе);
- 2023 жылғы 31 мамырда АлЭС пен ҚХР-дағы мына үш компаниядан тұратын консорциум арасында ЕРС-келісімшарт жасалды: Dongfang Electric International Corporation & powerchina Sepco1 Electric Power Construction Co., Ltd & Powerchina Hebei Electric Power Engineering Co., Ltd.;
- 2023 жылдың 05 шілдесінде Келісімшарт сомасының 10%-ы мөлшерінде аванс төленді;
- Инженерлік-геологиялық іздестіру жұмыстары жүргізілуде.

Алматы ЖЭО-3-ті жаңғырту

2023 жылдың бірінші жартыжылдығында жобаны іске асыру шеңберінде мынадай іс-шаралар жүзеге асырылды:

- Жобаны іске асыру мерзімі 2023-2027 жылдарға өзгертілді (31 желтоқсан 2022: 2023-2025 жылдар);
- 2023 жылғы 17 наурызда «Жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі есеп айырысу-қаржы орталығы» ЖШС-мен маневрлік генерациялау режимі бар жаңадан пайдалануға берілетін генерациялаушы қондырғыларды салу кезінде электр қуатының әзірлігін қолдау жөніндегі қызметті сатып алу туралы шартқа қол қойылды.
- 2023 жылғы 8 қыркүйекте ЕРС-келісімшартқа қол қойылды;

22 Шартты және келісімшартты міндеттемелер мен операциялық тәуекелдер (жалғасы)

- Инженерлік-геологиялық іздестіру жұмыстары басталды;
- 2023 жылғы 29 қыркүйекте 236,859 миллион теңгеге ESG-облигациялар шығару мақсатымен AIX биржасында тіркеу туралы оффер-құжатқа қол қойылды;
- 2023 жылғы 8 қыркүйекте «АлЭС» АҚ ҚҚС-ны есептегенде 256,968,195 мың теңге сомаға EPC-келісімшарт жасады.

Қарыздар бойынша ковенанттар

Топтың қарыздар бойынша белгілі бір ковенанттары бар. Осы ковенанттарды сақтамау Топ үшін жағымсыз салдарларға, соның ішінде қарыз шығындарының өсуіне және дефолтқа әкелуі мүмкін. 2023 жылғы 30 қыркүйектегі жағдай бойынша Топ «Богатырь Көмір» ЖШС-ның сақтамауын қоспағанда, төменде сипатталған өз ковенанттарын сақтады.

2023 жылғы 30 қыркүйекте «Богатырь Көмір» ЖШС-ның Еуразия Даму Банкінен қарыз бойынша Debt Service Coverage Ratio-ны қолдау бойынша сәйкессіздігі болды. Сәйкессіздік техникалық сипатта болды және инвестициялық бағдарламаны өз қаражаты есебінен қаржыландыру себебінен туындады. Сонымен қатар, «Богатырь Көмір» ЖШС-де қолданыстағы кредиттік желі бар, оны игеру екінші жарты жылдыққа жоспарланған. «Богатырь Көмір» ЖШС-нің ковенанттарды бұзуы Топтың несиелерінің жіктелуіне әсер етпейді. Жыл қорытындысы бойынша осы келісімнің сақталуы күтілуде.

Сот талқылаулары

Әдеттегі қызмет барысында Топ сот процестері мен талаптарына кезігуі мүмкін. Қазіргі уақытта Топ басшылығы осы сот процестері мен талаптардың нәтижесінде түпкілікті міндеттемелер Топтың болашақ қаржылық жағдайына айтарлықтай теріс әсер етпейді деп санайды.

Күрделі сипаттағы міндеттемелер

Топ өздерінің маусымдық және басқа да туындайтын бизнес тәуекелдеріне ұшырау себептерін талдады, бірақ 2023 жылдың 30 қыркүйектегі жағдай бойынша Топтың қаржылық көрсеткіштеріне немесе жағдайына әсер етуі мүмкін қандай да бір тәуекелдерді анықтамады. Топ күрделі сипаттағы міндеттемелерді орындау және айналым капиталын қамтамасыз ету үшін қажетті қаражат пен қаржыландыру көздеріне ие.

2023 жылғы 30 қыркүйектегі жағдай бойынша Топтың жалпы сомасы 583,075,571 мың теңгеге негізгі құралдарды сатып алу бойынша шарттық міндеттемелері болды (2022 жылғы 31 желтоқсан: 65,331,177 мың теңге)

Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың күрделі сипаттағы міндеттемелері

2023 жылғы 30 қыркүйектегі жағдай бойынша Forum Muidet, ЕГРЭС-2 станциясы ұзақ мерзімді шарттық міндеттемелеріндегі Топтың үлесі тиісінше 3,029,190 мың теңгені және 3,050,148 мың теңгені құрады (2022 жылғы 31 желтоқсан: тиісінше 3,997,304 мың теңге және 11,812,824 мың теңге).

Бұқтырма СЭС-і

2023 жылғы 26 маусымда ҚР Үкіметінің №494 «Стратегиялық активке үшінші тұлғалардың құқықтарымен ауыртпалық салу туралы» қаулысы қабылданды, оған сәйкес ҚР Үкіметі ұзақ мерзімді жалға беру арқылы Бұқтырма СЭС-інің мүлкітік кешеніне ауыртпалық салуға рұқсат берді.

Қазіргі уақытта 1997 жылғы 26 маусымдағы «Қазцинк» АҚ-мен Бұқтырма СЭС мүлкітік кешенін жалдау шартына қосымша келісім жасасу бойынша корпоративтік іс-шаралар жүргізілуде.

23 Әділ құн туралы ақпаратты ашу

Әділ құнды бағалау

Әділ құнды бағалау нәтижелері әділ құнның иерархия деңгейлері бойынша былайша талданып, бөлінеді: (i) 1- деңгейге сәйкес активтер немесе міндеттемелер үшін белсенді нарықтардағы нарықтық баға белгілеу бойынша бағалар (түзетілмейтін) жатады, (ii) 2-деңгейге – актив немесе міндеттемелер үшін тікелей (яғни, мысалы, баға) немесе жанама (яғни, мысалы, бағаның туындысы) бақыланатын болып табылатын барлық пайдаланылатын маңызды бастапқы деректері бар бағалау модельдерінің көмегімен алынғандар және (iii) 3-деңгейдің бағалары бақыланатын нарықтық деректерге негізделмеген (яғни, бақыланбайтын бастапқы деректерге негізделген) бағалар болып табылады. Қаржылық құралдарды әділ құн иерархиясындағы белгілі бір санатқа жатқызған кезде басшылық пайымдауды қолданады. Егер әділ құнды бағалауда айтарлықтай түзетуді талап ететін бақыланатын деректер пайдаланылса, онда ол 3-деңгейге жатады. Пайдаланылатын деректердің маңыздылығы әділ құнның барлық жиынтық бағасы үшін бағаланады. Төменде әділ баға бойынша бағаланбайтын активтер мен міндеттемелердің теңгерімдік бағасы мен әділ баға иерархиясы деңгейлері бойынша әділ бағаның талдауы келтіріледі:

Қазақстандық мың теңгемен	2023 ж. 30 қыркүйек				2022 ж. 31 желтоқсан			
	1-деңгей	2-деңгей	3-деңгей	Теңгерімді кқұны	1-деңгей	2-деңгей	3-деңгей	Теңгерімді кқұны
АКТИВТЕР								
Ақшалай қаражат және оның эквиваленттері	-	28,404,815	-	28,404,815	-	34,616,760	-	34,616,760
Пайдаланылуы, шектелген ақшалай қаражат	-	591,988	-	591,988	-	1,955,118	-	1,955,118
Тіркелген мерзімі бар депозиттер	-	1,710	-	1,710	-	12,765	-	12,765
Қаржылық дебиторлық берешек	-	38,303,661	-	38,303,661	-	39,053,877	-	39,053,877
Өзге де қаржылық дебиторлық берешек	-	619,516	-	382,559	-	7,470,101	-	7,470,101
Алынатын дивидендтер	-	-	501	501	-	-	488	488
Қаржылық қаржы құралдары	-	5,301,817	-	5,272,190	-	769,766	-	766,006
Барлық қаржылық активтер	-	73,223,506	501	72,957,424	-	83,878,387	488	83,875,115

Қазақстандық мың теңгемен	2023 ж. 30 қыркүйек				2022 ж. 31 желтоқсан			
	1-деңгей	2-деңгей	3-деңгей	Теңгерімді кқұны	1-деңгей	2-деңгей	3-деңгей	Теңгерімді кқұны
Міндеттемелер								
Қарыздар	-	205,871,794	-	258,103,217	-	220,483,525	-	265,926,979
Қаржылық кредиторлық берешек	-	34,180,061	-	34,180,061	-	43,568,688	-	43,568,688
Ұзақ мерзімді кредиторлық берешек	-	1,511,137	-	1,511,137	-	2,057,953	-	2,057,953
Барлық қаржылық міндеттемелер	-	241,562,993	-	293,794,415	-	266,110,166	-	311,553,620

Амортизацияланған құн бойынша көрсетілетін қаржылық активтер

Пайыздық мөлшерлемесі құбылмалы құралдардың әділ құны олардың баланстық құнына тең. Пайыздық мөлшерлемесі тіркелген құралдардың бағаланатын әділ құны осы секілді кредиттік тәуекел мен осы секілді өтеу мерзімін болжайтын жаңа құралдарға арналған қолданыстағы пайыздық мөлшерлемені қолдану арқылы күтілетін болашақ ақша ағындарының сомаларын дисконттау моделіне негізделеді. Қолданылатын дисконттау мөлшерлемелері контрагент тарапынан болатын кредиттік тәуекелге байланысты.

23 Әділ құн туралы ақпаратты ашу (жалғасы)

Амортизацияланған құн бойынша көрсетілетін міндеттемелер

Облигациялардың әділ құны нарықтық баға белгілеулерге негізделеді. Пайыздық мөлшерлемесі құбылмалы несиелердің әділ құны шамамен баланстық құнға тең. Пайыздық мөлшерлемесі тіркелген және өтеу мерзімі белгіленген құралдардың есептік әділ құны осы сияқты кредиттік тәуекел мен осы секілді өтеу мерзімімен жаңа құралдарға арналған күтілетін дисконтталған ақша ағынына негізделеді.

24 Есептік кезеңнен кейінгі оқиғалар

2023 жылғы 23 қазанда «Самұрық-Қазына» АҚ нарықтық құны 2,290,085 мың теңге болатын Алматы қаласының электр желілік объектілерін «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ-ға сенімгерлік басқаруға берді.

2023 жылғы 19 қазанда «Самұрық-Қазына» АҚ «Самұрық-Энерго» АҚ жарғылық капиталына 38,545,840 мың теңге сомаға жарна салды.

2023 жылғы 24 қазанда «АлЭС» АҚ 38,545,229 мың теңге мөлшерінде алдын ала төлем төледі, бұл «АлЭС» АҚ Алматы ЖЭО-3-ті қайта құру» жобасы бойынша кешенді жұмыстарды орындауға арналған шарт сомасының 15% - ы болып табылады.

25 Бір акцияның теңгерімдік құны

«Қазақстан қор биржасы» АҚ (бұдан әрі – ҚҚБ) Биржалық кеңесінің 2010 жылғы 4 қазандағы шешіміне сәйкес, қаржылық есептілікте ҚҚБ бекіткен қағидаларға сәйкес есептелген есепті күнгі бір акцияның (жай және артықшылықты) теңгерімдік құны туралы деректер болуы тиіс. 2023 жылғы 30 мауысымдағы жағдай бойынша, осы қаржылық есептілік негізінде Компания басшылығы есептеген бұл көрсеткіш 97,786 теңгені (2022 жылғы 31 желтоқсан: 93,987 теңгені) құрады. Төменде бір акцияның теңгерімдік құнын есептеу кестесі берілді:

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	2023 ж. 30 қыркүйек	2022 ж. 31 желтоқсан
Барлық активтер	987,782,882	965,846,026
Алып тастағанда: материалдық емес активтер	(3,363,505)	(3,726,203)
Алып тастағанда: барлық міндеттемелер	(406,679,062)	(432,732,405)
Жай акцияларға үшін таза активтер	577,740,315	529,387,418
Есепті күндегі жай акциялардың саны	5,908,217	5,632,537
Бір акцияның теңгерімдік құны, теңге	97,786	93,987